

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

29.09.2026 № 11-02-1132

**Т.Рысқұлов ауданының білім
бөліміне қарасты білім беру
ұйымдарының директорларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Т.Рысқұлов ауданы полиция бөлімінің 2026 жылғы 28 қыркүйектегі №5-78/2194 хатына сәйкес, кәмелетке толмағандар арасында жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы, Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден қоныс аударған азаматтардың балаларының тиісті құжаттарсыз немесе шетелдік туу туралы куәліктермен жүру фактілерін анықтау және оларды құжаттандыруды қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлайды.

Осыған байланысты, ауданның білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында төмендегі санаттағы кәмелетке толмағандарды анықтау бойынша тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырамын:

- Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігін алмаған;
- туу фактісі бойынша құжаттандырылмаған;
- басқа мемлекеттерден қоныс аударған және шетелдік туу туралы куәлікпен жүрген;
- туу туралы куәлігінің деректері Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйелерінде расталмаған;
- жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ;
- құжаттандыруға байланысты мәселелері туындаған кәмелетке толмағандарды анықтау.


Әрбір анықталған білім алушы бойынша оның ата-анасы немесе заңды өкілдері туралы мәліметтерді, баланың туған күні мен туған жерін, азаматтығын, қолда бар құжаттарының түрін, сондай-ақ құжаттандыруға кедергі келтіріп отырған себептерін көрсете отырып, тізім құру қажет.

Сонымен қатар, анықталған жағдайлар бойынша ата-аналармен (занды өкілдермен) түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, кәмелетке толмағандарды қажетті құжаттармен қамтамасыз ету мәселесін шешу бойынша тиісті мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылсын.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың нәтижесі туралы мәліметтерді 2026 жылғы 6 қазанға дейін Т. Рысқұлов аудандық білім бөліміне ұсынуды сұраймыз.

Жауапты тұлғалардың мәліметтерді толық әрі нақты ұсынуын қамтамасыз етуді сұраймыз.

**Басшының міндетін
уақытша атқарушы**



А.Базаркулова

Орындаған: Т.Тұңғышбаева

Тел: 87714177067